

## Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің қалалық қоғамдық көлікте жүруіне арналған жеңілдіктері туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімшілігінің 2002 жылғы 28 қаңтардағы N 1/73 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 14 ақпанда N 434 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 4/910 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011.11.07 № 4/910 қаулысымен.**

Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 29 желтоқсандағы "Алматы қаласының 2002 жылға арналған бюджеті туралы" шешімін басшылыққа алып, Ұлы Отан соғысының қатысушыларын, мүгедектерін әлеуметтік қорғау мақсатында Алматы қаласының Әкімшілігі қаулы етті:

1. "Ұлы Отан соғысына қатысушыларына, мүгедектеріне және зейнеткерлерге қалалық қоғамдық көлікте жеңілдіктер беру туралы" Ереже бекітілсін (N 1 қ о с ы м ш а) .

2. Көлік және коммуникация департаменті (В.К.Сухоруков) Ұлы Отан соғысына қатысушыларының, мүгедектерінің қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жүруін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қалалық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті (А. Нұрланов) Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және мүгедектеріне айрықша үлгідегі бірыңғай жол жүру билеттерін тапсыруды ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

4. Мемлекеттік зейнетақыларды төлеу орталығының Алматы қалалық филиалы (М.Т.Оспанов) Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне ай сайын, әр айдың 20 жұлдызына дейін Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің тізімдерін тапсырсын.

5. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне арналған айрықша жол жүру билеттері үшін ақы төлеу бойынша уақытылы қаржы бөлінуін қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа берілсін.

*Алматы қаласының Әкімі*

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы Әкімшілігінің  
2002 жылғы 28 қаңтардағы  
N 1 / 73 қаулысымен  
Бекітілді

**Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектері  
үшін қалалық қоғамдық көлікте жүруіне  
жеңілдіктер беру туралы  
ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ережелер**

Алматы қаласында тұратын Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер қалалық қоғамдық көлікте жүру кезінде (таксиден басқа) ақы төлеуден босатылады, осы тұрғыда олар айрықша үлгідегі бірыңғай жол жүру билетін (бұдан әрі - жол жүру билеті) көрсетеді, бұған қоса олар Ұлы Отан соғысына қатысушы мен мүгедегінің куәлігін міндетті түрде қоса беруі тиіс.

## **2. Жол жүру билетін әзірлеу тәртібі**

Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті "Алматыэлектркөлік" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен және "Жолаушыларды тасымалдау" мемлекеттік кәсіпорнымен жол жүру билетін әзірлеу мақсатында және Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерін тегін жүруін ұйымдастыруға үш жақты шартқа отырады.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне арналған айрықша үлгідегі бірыңғай мерзімі бір тоқсанға жарамды жол жүру билетін Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің өтінімі бойынша "Алматыэлектркөлік" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен "Жолаушыларды тасымалдау" мемлекеттік кәсіпорны әзірлейді.

## **3. Жол жүру билетін беру тәртібі**

Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталықтары арқылы Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне жол жүру билеттерін тапсыруды ұйымдастырады.

Ұлы Отан соғысына қатысушы мен мүгедектің Алматы қаласынан кетіп қалған немесе қайтыс болған жағдайда жол жүру билеттері аудандық еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау орталығына қайтарылады. Жоғалып қалған билеттің орнына оның Көшірмесі (Дубликат) беріледі.

Мемлекеттік зейнетақы төлемдері жөніндегі орталықтың Алматы қалалық филиалы әр айдың 20-шы жұлдызына Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектердің тізімдерін Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментіне ұсынады.

Жол жүру билеті, Ұлы Отан соғысына қатысушы немесе мүгедегі науқастанған жағдайда, оған күтім жасаған, туыстық қатысын дәлелдейтін құжатын көрсеткен жақын туысқанына (жұбайы, балалары, бауырлары) берілуі м ү м к і н .

Бұл жағдайда билеттің теріс жағына жақын туысқанның аты-жөні жазылып, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығының мөрі қойылады.

Мұндай билет қалалық қоғамдық көлікте Ұлы Отан соғысына қатысушы немесе мүгедегі куәлігін көрсеткенде жарамды болып табылады.

**Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 4/601 қаулысымен.**

#### **4. Қаржыландыру көзі**

Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне жол жүру билетін алуға ақша қаражатын қалалық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментінде айына бір жол жүру билетінің бағасы 1200 теңге мөлшерінде белгіленеді. Билеттің бағасы жыл аралығында өзгермейді.

#### **5. Жол жүру билеттері бойынша бухгалтерлік есеп пен есеп беру тәртібі**

Қалалық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментінде Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне арналған жол жүру билеттерін есепке алу кіріс құжаттары (есепке алынған құжаттар) " Алматыэлектркөлік" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан келіп түскен оны қабылдап алған және қол қойған тұлғалардың жол жүру билеті негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қалалық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті өткен айдың жол жүру билеттерін сомасын есептегенде, жол жүру билеттерін толығымен есептеп шығарады, бұл ретте қаладан шығып кеткен немесе қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерінің пайдаланылмаған билеттері есепке алынады.

*Әкімшілік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК